



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Мінеки, публицистиканың күшімен, қаламның құдіретімен Шерхан Мұртаза халқына осылай да қызмет етеді. «Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика – кавалерия» дейді Шерхан. Оның да өз тактикасы бар, өз мақсат – міндеті бар. Оған да анау – мынау адам командир бола алмаса керек.

Бүгінде публицистиканың қызметі халыққа өте керек-ақ. Өйткені ғасырлар бойы аңсап жүріп әрең жеткен тәуелсіздігіміздің баянды болып, отанымыздың байлығы артып, халқымыздың тұрмыс жағдайының ілгерілеуі жолында тұрақта саяси - экономикалық бағыт ұстап отырған мемлекетіміздің, еліміздің алдына үлкен – үлкен міндеттер тұрғаны белгілі. Жалпы, Ш.Мұртазаның журналистігі азаматтық белсенділікпен, азаматтығы қайраткерлікпен ұштасып, бірін – бірі шырайландырып, ерекшелендіріп отырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеуменов Ш.Шерхан шері /Ш.Елеуменов//Жас Алаш. – 2002, 28 қыркүйек.
2. Амандосов Т. Публицистика дәуір үні/ Т.Амандосов. - Алматы: Қазақстан, 1974, 386 бет.
3. Мұртаза Ш. Не жетпейді?/ Ш. Мұртаза. - Алматы: Жазушы, 1990, 372 бет.

ӘОЖ 811.512.122'366

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ СТАТИСТИКАСЫ

Ізтай Айсапар Артықбайқызы

aysapar.iztay@mail.ru

Мұратбаева Жансая Кенжебайқызы

muratbayevazh@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «Филология: қазақ тілі» мамандығының
2-курс студенттері. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.О.Сыздықова

Математикалық лингвистика, статистикалық лингвистика немесе лингвостатистика әдістерін тіл біліміне енгізудің екі түрлі қажеттілігі бар. Бұл жөнінде ғалым С.Исаев: «Ең алдымен, бұл проблеманы тіл білімінің ішкі факторларын басқа ғылымдар саласында қолданылып жүрген тиімді әдістер арқылы аша түсу болса, екіншіден, тілдің қоғамдық қызметі коммуникативтік ролі, функционалдық мәні бар құбылыс болғандықтан, күнделікті өмір талабынан туып отырған практикалық қажеттілік», - дейді [1, 22].

Тілдік құрылым да математикалық статистикалық талдаулардың зерттеу нысанына бола алады. Мысалы, белгілі бір грамматикалық мағына арнайы грамматикалық түр арқылы беріліп, оның өз тұлғасы болады. Сол грамматикалық мағынаның сөйлеу үдерісіндегі салмағы мен орны грамматикалық формалардың мәтіндегі қолданысымен айқындалады. Бірыңғай ыңғайлас тілдік элементтердің белгілі бір мәтінде, жазушының сөз саптауында қолданылу мүмкіндігі бірдей емес.

Грамматикалық көрсеткіштердің өнімді-өнімсіз болып бөлінуі статистикалық бақылаулар негізінде айқындалып, соның нәтижесінде тұлғалардың қызметі мен олардың қолданыстағы жиілігін анықтауға мүмкіндік берілген.

Тілді статистика, математика әдістері негізінде зерттеудің лексика саласындағы алғашқы үлгісі жеке жанрлық мәтіндердің, жалпы халықтық тілдің сөздіктерін, сөздердің, сөз формаларының жиілік тізімін жазудан басталған.

Қазақ тіл білімінде сөз таптарының қолданыс жиілігін лингвистикалық статистика тұрғысынан анықтау қазіргі бағыттағы зерттеулер үшін аса өзекті болып табылады. Сондықтан мақалада «Алпамыс батыр» жырындағы сын есімдердің лексика-морфологиялық формаларының статистикасын айқындау мақсаты қойылды.

Сын есімдер өзге сөз таптарынан бірқатар өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, біріншіден, тіліміздегі байырғы сын есімдер негізінен түбір морфемалар. Екіншіден, олардың тек өзіне тән морфологиялық белгілерінің болуы. Үшіншіден, шырай формалары.

Сын есімдердің белгілі бір мәтіндегі қолданыс жиілігін де оның бір ерекшелігі ретінде қарастыруға болады.

«Алпамыс батыр» жырында кездесетін сын есімдерге жасалған статистикалық талдау барысында, жырда 242 сын есімнің кездесетіндігі анықталды. Бұл мәтіннің жалпы сөз (8161) қолданысының 2,97 %-ын құрайды. Сын есімдердің жырдағы қайталануларын есептегенде, сын есімді сөзтұлғалардың әртүрлі қолданысы 144 рет кездеседі. Бұл – жырдың 17,65 пайыздық үлесі.

Ғалым А.Жұбанов «Абай жолы» романындағы сын есімдердің лексика-морфологиялық тұлғалары мен олардың пайыздық үлесін сын есімдердің әртүрлі тұлғаларының жалпы саны мен мәтіндегі сын есімдердің қайталануын есептегендегі жалпы санына қатысты анықтаған [2, 58].

«Алпамыс батыр» жырындағы сын есімдерді лексика-морфологиялық статистика тұрғысынан талдау барысында ғалымның осы тұжырымы негізге алынды (1-кесте).

«Алпамыс батыр» жырындағы сын есімдер. 1-кесте

Сын есім тұлғалары	Сын есімдердің пайыздық көрсеткіші	Жырдағы жалпы сын есімдер санының пайызы
Түбір	47(32,64%)	123(50,9%)
Туынды	64(44,44%)/54(37,5%)	90(35,95%)/62(25,61%)
Қос сөз	2(1,39%)	3(1,2%)
Біріккен сөз	4(2,78%)	5(2,07%)
Салыстырмалы шырай	33(22,91%)	38(15,70%)
Кірме сөз	4(2,77%)	11(4,5%)
Жалпы саны	144(10) 99,99%	242(28) 99,98%

Кестеде қызылмен берілген пайыздық үлестің мөлшерден артық болу себебі салыстырмалы шырай жұрнақтарының сын есім формалары қатарында қарастырылуына байланысты. Егер салыстырмалы шырай жұрнақтарын туынды сын есімдерден жеке алып қарастырсақ, онда пайыздық үлесі шамамен 100%-ға жетеді.

Туынды сын есім формаларына -сіз жұрнағы арқылы жасалған «иесіз» және барыс септігінің көнеленуінен жасалған «өзге» сын есімдер де қарастырылды. Кірме сөздер қатарына *ғамкүн, ғаріп, кәміл, тіллә* сияқты сөздерді жатқыздық.

Сын есімнің өнімді жұрнақтарының жырда кездесу жиілігі. 2-кесте

Аффикстер	Саны	Аффикстер	Саны
-ғы	3	-дей	8
-гі	5	-тай	10
-ы	2	-тей	2
-лы	17	-сіз	7
-лі	2	-сыз	1
-ды	2	-лық	2
-дай	19	Барлығы 80 өнімді жұрнақ	

Жырда сын есімнің сапалық және қатыстық түрлері кездеседі.

Қайталанған сын есімдерді есептегендегі 144 сын есімнің 35,41%-ы сапалық сын есімдер, 70,82%-ы қатыстық сын есімдерді құрайды. Бұдан шығатын қорытынды: жырда қатыстық сын есімдердің қолданыс жиілігі сапалық сын есімдерге қарағанда әлдеқайда артық.

Ғалым Н.Оралбай сын есімнің мағыналық топтарының 16 түрін көрсетеді [4, 137-138]. Ғалымның осы топтастыруын негізге ала отырып, «Алпамыс батыр» жырындағы сын есімдерді мағыналық топтарға бөлініп, олардың ішінде жиі қолданылған сын есім түрлері анықталды.

«Алпамыс батыр» жырындағы сын есімнің мағыналық топтары:

1. Заттың түсін білдіретін сын есімдер: ақ – 4, қызыл – 1, көк – 2, қара – 4, ала – 1, боз – 1, сары – 1, торы – 1;
2. Заттың көлемдік белгісін, формасын білдіретін сын есімдер: биік – 1, тар – 2, кең – 1, үлкен – 1, кіші – 2, ұзын – 1, дөңгелек – 1;
3. Заттың мезгілдік белгісін білдіретін сын есімдер: кешегі – 4, бұрынғы – 1, соңғы – 1;
4. Теңеу сыны: аналықтай – 1, Алпамыстай – 3, ошақтай – 1, мұздай – 2, орнындай – 2;
5. Адам мінез-құлқына қатысты белгіні білдіретін сөздер: қу – 3, тентек – 1, момын – 1, мұңлы – 3, антұрған – 2, жақсы – 6;
6. Жырда бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы сын есімдер де қолданыс жиілігімен ерекшеленеді (3-кесте).

Қарам-қарсы мағыналы сын есімдердің сандық көрсеткіші 3-кесте.

1.	Жақсы 6	1.	Жаман 4
2.	Үлкен 1	2.	Кіші 2
3.	Ақ 4	3.	Қара 4
4.	Қатты 1	4.	Сұйық 1
5.	Жуас 1	5.	Тентек 1
6.	Тамаша 4, ғажап 1	6.	Қараң 1
7.	Жас 8	7.	Кәрі 2, Қар 4

Жырда атрибуттық мағынамен қатар белгілі бір парадигмалық жүйе бойынша түрленіп қолданылған заттанған сын есімдер де кездеседі. Мысалы:

1. *Қалмаққа кеткен жалғызым*
2. *Ғаріптің көңілі тар еді*
3. *Жаманнан жетім жұдырық*
4. *Қызық көрелік*
5. *Үш мұңлының дауысы*
6. *Мен сорлыны көре кет*
7. *Сұлулар жүгіре шықты далаға*
8. *Ыстық ішкен, сұйық тышқан* [5]

Берілген мысалдардағы субстантивтенген сын есімдердің ішінде *жалғызым* – 11, *сұлу* – 6, *ғаріп* – 3, *жаман* – 1, *қызық* – 3, *мұңлы* – 2, *сорлы* – 1, *ыстық* – 1, *сұйық* – 1 рет кездескен.

Ал *ыстық*, *сұйық*, *қызық* сын есімдерінің нөлдік формада табыс септігі жалғауының жасырын тұруы арқылы заттанған.

Жалпы алғанда, бұл жұмыс статистикалық талдау негізіндегі зерттеулердің жалғасы болып табылады. «Алпамыс батыр» жырындағы сын есімдер лексика-морфологиялық тұлғаларының қолданыс жиілігімен, мағыналық топтарының сипатымен ерекшеленеді. Оған зерттеу барысында жинақталған тілдік деректерге жасалған статистикалық талдаулар дәйек бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Исаев.С.Қазақ тілі жайында ойлар. - Алматы,1997.
2. Жұбанов А. Статистико-лингвистическое исследование и автоматизация: Статистика казахского текста (Статистика лексико-морфологических форм прилагательных в романе

М.Ауэзова «Абай жолы» («Путь Абая»). - Алма-Ата:«Наука», 1973.С.231-248.

3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет.

4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.- Алматы: Інжу-Маржан, 2007. -388 бет.

5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. 34-том. – Астана: «Фолиант», 2006. -384 бет.